

DOI 10.53364/24138614\_2022\_27\_4\_31  
ӨОЖ 811.512.122\*373.6

**Тулекова Г. Х.**

Азаматтық авиация академиясы,  
«Авиациялық ағылшын тілі» кафедрасының профессоры, фил.ғ.к.

*E-mail:* [gulnaz.tulekova@mail.ru](mailto:gulnaz.tulekova@mail.ru)

## ҚАЗІРГІ ТАҢДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ САЛАСЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

### МЕСТО И ЗНАЧЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЯЗЫКА В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ В СФЕРЕ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

### CURRENTLY, THE PLACE AND IMPORTANCE OF THE STATE LANGUAGE IN THE FIELD OF CIVIL AVIATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**Аңдатпа.** Берілген мақалада мемлекеттік тілдің азаматтық авиация саласында алатын орны мен маңызы айтылған. Қазіргі уақытта авиация саласында мемлекеттік тілдің қаншалықты дәрежеде қолданылатыны нақты деректер арқылы талданған. Авиация саласы мамандарының әуежайдың тасымал қызметінде, тіркеу бағанында, ұшақ салонында мемлекеттік тілде қаншалықты дәрежеде сөйлейтіндігі мысалдар арқылы талданған. Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласында мемлекеттік тілдің қоғамдық, кәсіби қатынастарда, оның ішінде авиациялық-көлік жүйесінде қолдану аясын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік беретін мәселелерге талдау жүргізілген. Мақалада мемлекеттік тілді білу - азаматтық парыз екендігі айтылған.

**Түйін сөздер:** қазақ тілі, мемлекеттік тіл, сауалнама, сұрақ, қоғам.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается значение и важность государственного языка в отрасли гражданской авиации. Проанализирована степень использования государственного языка в авиационной сфере. На примерах проанализирована, в какой степени специалисты авиационной отрасли владеют государственным языком в транспортной службе аэропорта, на стойке регистрации и в салоне самолета. Проанализированы вопросы в сфере гражданской авиации Республики Казахстан, позволяющие дальнейшее расширение сферы использования государственного языка в общественных и профессиональных отношениях, в том числе в авиационно-транспортной системе. В статье говорится, что знание государственного языка является гражданским долгом.

**Ключевые слова:** казахский язык, государственный язык, анкета, вопрос, общество.

**Abstract.** his article discusses the importance of the state language in the civil aviation industry. The degree of use of the state language in the aviation industry is analyzed. The degree of use of the state language in the aviation sector is analyzed. Using examples, it was analyzed to what extent aviation industry specialists speak the state language in the airport transport service, at the check-in counter and in the aircraft cabin. Issues in the field of civil aviation of the Republic of Kazakhstan are analyzed, allowing further expansion of the scope of the use of the state language in public and professional relations, including in the aviation transport system. The article says that knowledge of the state language is a civic duty.

**Key words:** Kazakh language, state language, questionnaire, question, society.

**іріспе бөлім.** Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласында мемлекеттік тілдің қоғамдық, кәсіби қатынастарда, оның ішінде авиациялық-көлік жүйесінде қолдану аясын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік беретін мәселелерге талдау жүргізу - кезек таптырмайтын іс. Аталған мәселені шешу үшін мынандай мәселелерге көңіл бөлу қажет:

А) Ең алдымен кез келген авиациялық мекеме, әуе компаниялар, т.б. мемлекеттік тілді өз жұмыс бабында заң бойынша қолдану қажет;

Ә) Авиация саласындағы мекеме басшылары мемлекеттік тілде сөйлеп, мемлекеттік тілге баса назар аудару керек. Мемлекеттік ұйымдармен ғана емес, мемлекеттік емес ұйымдармен де хат алмасу, іс-қағаздары жұмысын мемлекеттік тілде жүргізуге көшу керек.

Б) Мемлекеттік тілдің қоғамдық, кәсіби қатынастарда, оның ішінде авиациялық-көлік жүйесінде қолдану аясын одан әрі кеңейтуге кез келген Қазақстан Республикасының азаматы ат салысуы қажет.

Қазақ тілінің конституциялық мәртебесін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде мемлекеттік тілдің авиация саласында қолданылуын жүзеге асырудың маңызы зор. Мемлекеттік тілдің қоғамдық, кәсіби қатынастарда, оның ішінде авиациялық-көлік жүйесінде қолдану аясын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік беру керек. Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту барлық мемлекеттік бағдарламаларда, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жолдауларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының президенті Қ.К. Тоқаевтың жолдауларында және ағымдағы сөйлеген сөздерінде қазақ тілінің 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшуі, оның ішінде терминдер жазу Елбасының Жарлығымен және тапсырмаларымен, сондай-ақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасында қарастырылған [1].

**Негізгі бөлім.** Жалпы мемлекеттік тілдің қолдану аясы келесі мынандай құжаттарда көрсетілген:

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасының, Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. Ақорда, 2012 ж.

2. «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстандағы тұрақтылық пен өркендеудің негізі», Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. Ақорда, 2019 жыл.

3. Н. Назарбаев. «5 институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспары.

4. «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латынға көшіру туралы» Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлық.

5. «Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы бекітілген № 1045 қаулысы.

6. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы.

7. «Ұшу және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезіндегі радиоалмасу фразеологизмдерінің ережелері», Көлік және коммуникация министрінің м.а-ның Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 қазандағы бекітілген № 454 бұйрығы. Берілген құжаттар негізінде мемлекеттік тіл қоғамның барлық саласында, атап айтқанда көлік жүйесінде кеңінен қолданылуы қажет.

Аталған мәселе негізінде мемлекеттік тілдің авиация саласында, соның ішінде жолаушы ретінде ұшқан жолаушының пікірі төмендегідей чек парақшасында көрсетілді:

Негізгі объект -Алматы Халықаралық әуежайы, Нұрсұлтан Назарбаев Халықаралық әуежайы [2].

**Авиация саласында қазақ тілінің қолданылуы бойынша «Бағалау парағы»  
(Чек -лист)**

Ұшақ рейсі Әуекомпания	Бағыты Күні Сағаты	Алматы әуежайында ағы жердегі қызмет мамандарының қазақ тілінде сөйлеу дәрежесі	Экипаж командирінің ұшақ қонған кезде хабарламаны хабарлауы (командирдің жіберген қателері)	Хабарламаның дұрыс айтылуы мен жазылуы
КС -7051 «Fly Arystan» әуекомпаниясы	Алматы-Нұрсұлтан бағыты 26.12.21 ж Сағат 07.30	Тіркеу кезінде жолаушы қазақ тілінде сұрақ қойды, тіркеу қызметінің маманы орыс тілінде жауап берді. Тексеру бөліміндегі сұхбат Аружан: -Сәлеметсіз бе, киім салатын жәшікті беріп жібересіз бе? Тексеру бөлімі: -Сейчас подождите. Аружан: -Аяқ киімді шешу керек пе? Тексеру бөлімі: -Сначала пройдите,	Ұшактан шығу әуе кеменің алдыңғы жағынан жүзеге асырылады. Өтінеміз, асықпаныз. Козғалыс кезінде 1.5 м гашықтықты сактаныз. Жук соресин ашып алганда сак болыңыздар. Жергілікті уақыт 9 сағат 25 минут. Ауаның температурасы 10,14 градус суық. (Ұшақ командирі қазақ тілінде хабарламаны айту кезінде 15 қате жіберген. Қазақ тіліндегі сөздердің дұрыс айтылуы, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту керектігін ескеру қажет). Экипаж командирі	Ұшактан шығу әуе кемесінің алдыңғы жағынан жүзеге асырылады. Асықпауларыңызды өтінеміз. Қозғалыс кезінде 1.5 м. қашықтықты сақтаңыздар. Жүгіңізді жүк сөресінен ашып алғанда, сак болыңыздар. Жергілікті уақыт <b>9 сағат 25</b> минут. Ауаның температурасы 10,14 градус суық.

		<p>потом снимите.</p> <p>- Сумканыздың ішінде ноутбук есть?</p> <p>-Иә</p> <p>-Онда шығарып отдельно өткізіңіз. Тексеру бөлімінде де қазақ тілінде қойылған сұраққа орыс тілінде жауап берілген.</p>	<p>қазақ тіліндегі хабарламаны қысқа ғана айтқан, орыс тіліндегі хабарламаны барынша ұзақ айтуға тырысқан</p>	
--	--	--	---	--

Берілген чек парақшасы көрсеткендей, авиация саласының мамандары әуежайдың тасымал қызметінде, тіркеу бағанында, ұшақ салонында мемлекеттік тілде барынша қатесіз сөйлеуге тырысуы қажет. Тасымал қызметінің маманы жолаушы қазақ тілінде сөйлесе, қазақ тілінде жауап беру керектігін ұмытпауы қажет. Бұл авиация саласында мемлекеттік тілдің қолданысын одан әрі кеңейтуге жағдай жасайды. Жыл сайын авиация саласының мамандары мемлекеттік тілді білу деңгейі бойынша аттестациядан өтсе, мемлекеттік тілді үйренуге деген ұмтылыс пайда болар еді. Сонда ғана мемлекеттік тілдің қолдану аясы барынша дамиды деп есептейміз. «Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» 2.2-міндетінде былай жазылған:

« - Мемлекеттік тілді кәсіптік бағдарланған оқыту, жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениетін арттыру үшін әдістемелік қамтамасыз ету;

- жаңа технологияларды пайдалана отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің жұмыскерлері үшін қазақ тілін өз бетінше оқыту курстарын ұйымдастыру;

- барлық министрліктер мен ведомстволардың жылдық жұмыс жоспарына енгізу жолымен Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде мемлекеттік тілдегі контентті ұлғайту;

- үкіметтік емес ұйымдарға тілдерді оқытатын орталықтар, кабинеттер, үйірмелер құру бойынша мақсатты консультациялық және оқу-әдістемелік қолдау көрсету;

- әкімшілік іс жүргізу дағдыларын, шешендік дағдыларды дамытуға және мемлекеттік қызметшілердің сөйлеу мәдениетін арттыруға бағытталған қазақ тілін оқыту курстарын ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік қолдау көрсету» [3]. Аталған бағдарламада көрсетілген міндеттерді орындау – бүгінгі заманның талабы. Бұл мемлекеттік органдардың құжат айналымында мемлекеттік тілдің қолданылуына мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

**Қорытынды.** Жалпы тілдік қолданыста, әсіресе авиация саласындағы терминдердің қолданылуын зерттеудің маңызы бар. Әуежай қызметкерлері, тасымал қызметінің мамандары авиациялық терминдерді айтылуы кезінде, күнделікті қолданыста барынша мемлекеттік тілде айтуға тырысу керек. Сонда ғана авиациялық терминдердің қазақ тілінде толық дұрыс

айтылуына жағдай жасалады. Жалпы тілдік қолданыста төменде көрсетілген қарапайым авиациялық терминдерді қазақ тілінде қолдансақ, авиация саласында мемлекеттік тілді қолданылу аясы кеңейетіні анық. Біз төменде күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын қарапайым авиациялық терминдерді іріктеп жаздық. Мұндай терминдер қолданысының мазмұнын толықтыруға әбден болады. Берілген кестеде күнделікті ауызекі сөйлеу тіліндегі жиі қолданылатын авиациялық терминдердің қолданысы мен дұрыс айтылып қолданылуы берілді:

№	Авиация саласында күнделікті қолданылатын сөздер, сөз тіркестері, терминдер	Авиациялық терминдердің ауызекі сөйлеу тілінде қолданылуы	Авиациялық терминдердің мемлекеттік тілде дұрыс айтылып қолданылуы
1	Әуежай - Аэропорт	<b>Мен аэропортқа</b> бара жатырмын	Мен <b>әуежайға</b> бара жатырмын
2	Тіркеу -Регистрация	<b>Регистрация</b> болып жатыр ма?	<b>Тіркеу</b> болып жатыр ма?
3	Жүк- багаж	<b>Багажды</b> өлшедің бе?	<b>Жүкті</b> өлшедің бе?
4	Тасымал қызметі- служба перевозок	Оның баласы <b>служба перевозокта</b> жұмыс істейді	Оның баласы <b>тасымал қызметінде</b> жұмыс істейді
5	Отырғызу талоны- посадочный талон	<b>Посадочный талонды</b> көрсеттің бе ?	<b>Отырғызу талонын</b> көрсеттің бе?
6	Ұшақ- самолет	<b>Самолетке</b> билет алдың ба ?	<b>Ұшаққа</b> билет алдың ба?
7	Отырғызу- посадка	<b>Посадка</b> басталды ма?	<b>Отырғызу</b> басталды ма?
8	Взлет-ұшу	<b>Самолеттің</b> взлеті кезінде қорықпадың ба?	<b>Ұшақтың ұшуы</b> кезінде қорықпадың ба?
9	Қону -посадка	<b>Посадка</b> болды ма?	Қонды ма? <b>Қону</b> орындалды ма?
10	Жолаушыларды тасымалдау - перевозка пассажиров	<b>Перевозка пассажировта</b> жұмыс оңай емес.	<b>Жолаушыларды тасымалдау қызметінде</b> жұмыс істеу оңай емес.
11	Анықтама бөлімі – справочная служба	Оны <b>справочнаядан</b> сұрау керек	Оны <b>анықтама бөлімінен</b> сұрау керек
12	Рейстер кестесі - расписание рейсов	<b>Расписание рейсовтан</b> көрсең болады ғой	<b>Рейстер кестесінен</b> көрсең болады ғой
13	Ұшу кезінде – во время полета	<b>Во время полета</b> ужас қорқып кеттім	<b>Ұшу кезінде</b> қатты қорқыныш болды

Мемлекеттік тілге деген қажеттілік тәуелсіздігімізден бастау алып, заман талабына сай күннен күнге артып келеді. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мақсатында мемлекет тарапынан нормативті-құқықтық кесімдер мен бағдарламалар қабылданып, түрлі іс-шаралар атқарылып жатыр [4]. Олай болса, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын авиация саласында одан әрі кеңейту, сонымен қатар сол салада кездесетін қазақ тіліне байланысты лингвистикалық зерттеулерді талдау мемлекеттік тілдің дамуына үлес қосады деп есептейміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасының, Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. Ақорда, 2012 ж.

2. Г. Тулекова «Азаматтық авиация саласында мемлекеттік тіл- қазақ тілінің кәсіби, коммуникативтік бағытта қолданылу деңгейін бағалау методологиясы» (әдіснамасы) атты ғылыми жобаның есебі. Алматы, 2022 ж.

3. «Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы бекітілген № 1045 қаулысы.

4. Ана тілі газеті, 2020 ж № 1 саны.

#### **References**

1. «Qazaqstan-2050» Strategıasy: qalyptasqan memlekettiń jańa saıası baǵyty», Qazaqstannyń Tuńǵysh Prezıdenti – Elbasynyń, Qazaqstan Respýblikasynyń Prezıdenti – Ult kóshbasshysy Nursultan Nazarbaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaýy. Astana. Aqorda, 2001.

2. G. Túlekova «Azamattyq aviatsııa salasynda memlekettik til- qazaq tiliniń kásibi, kommúnikativtik baǵytta qoldanyly deńgeiin baǵalaý metodologıasy» (ádisnamasy) atty ǵylymı jobanyń esebi. Almaty, 2022.

3. «Qazaqstan Respýblikasynda til saıasatyn iske asyrdyń 2020-2025 jyldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy», Qazaqstan Respýblikasy Úkimetiniń 2019 jylǵy 31 jeltoqsandaǵy bekitilgen № 1045 qaýlysy.

4. Ana tili gazeti, 2020, № 1 sany.

Материал 03.11.22 баспаға түсті.